

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**(АСТАНА, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)**  
**МЕН**  
**«Ә. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»**  
**АРАСЫНДАҒЫ**  
**ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам атынан Жарғы негізінде әрекет ететін басқарма төрағасы - ректоры **Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы бір тараптан** және «Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам атынан басқарма төрағасы - ректоры **Жилбаев Жанбол Октябрьович Жарғы негізінде әрекет ететін екінші тараптан**, әрі қарай «Тараптар» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет, 2023-2025 жылдарға арналған АР19677736 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері» ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

**1 бап**

Тараптардың арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

**2 бап**

2.1 Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

2.1.1 жұмыс бағыттарын бірлесіп жоспарлау үшін жүйелі түрде кеңесу, ақпарат алмасу және шешім қабылдауға қатысу;

2.1.2 жобаны ғылыми-педагогикалық тұрғыда негіздеп, ғылыми әдістемесін ұсыну;

2.1.3 мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуды ғылыми-практикалық негіздеу;

2.1.4 жоба проблемасына сай педагогтердің тәжірибесінде іске асырудың әдістемесін ұсыну;

2.1.5 мектепке дейінгі білім беру саласы оқытушыларының ғалым, профессорлық құрамының жобада *бірлескен* зерттеулер жүргізіп, жоспарлы іс-шараларға қатысуын іске асыру;

2.1.6 мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін ұсыну бағытында сайыстар, семинарлар, конференциялар және басқа да іс-шараларды бірге ұйымдастыру және өткізу;

2.1.7 мектеп жасына дейінгі балалардың ауыз екі сөйлеу тілін дамытуда ана тілінде сөйлеудің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылымының дұрыс қалыптасуына қолайлы технологияларды бейімдеу;

2.1.8 біріккен (онлайн, оффлайн) конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, Тараптарға арналған күндер мен басқа да ұқсас ғылыми шаралар және білім беру облысындағы өзге де бастамашылықтарды жүргізу. Сонымен қатар, біріккен ғылыми шаралар мен білім беру саласындағы басқа да бастамашылықтардың нәтижесі болып, ғылыми дәйексөз алудың әлемдегі жетекші ақпараттық базаларына кіретін рецензияланған ғылыми басылымдардағы жарияланулар жатады, соның ішінде Web of Science, Scopus және т.б.;

2.1.9 біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектер мен оқулықтарды жариялау;

2.1.10 Жоба барысында ұтымды педагогикалық тәжірибені тарату, ендіру, әрі апалы болашақ мамандарды даярлау үшін «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» білім беру бағдарламалары мазмұнын құруға ұсыныстар беру, арнайы вариативтік курстар ұсыну;

2.1.11 ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті ғылыми ақпаратпен, материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;

2.1.12 егер ол Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, Тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;

2.1.13 нәтижесі ортақ PhD бағдарламасын ашу болатын PhD бағдарламасын дайындау саласындағы ынтымақтастық;

2.1.14 Тарап өкілдерін дәріс оқуға, оқу-әдістемелік жұмыс бойынша ақпарат пен тәжірибе, сонымен қатар оқу жоспарлармен, бағдарламалармен алмасу үшін шақыру;

2.1.15 Тараптардың профессорлық-оқытушылық құрамы мен әкімшілік құрамның «онлайн» режимінде дәрістер оқу;

2.1.16 магистрлік және докторлық диссертацияны жазуда, PhD докторы ғылыми дәрежесіне ізденуге диссертация жазуда ғылыми кеңес беру және қос жетекшілік ету үшін, соның ішінде, алайда онымен шектеліп қана қоймай, профессорлық құрамды тарту

Баннерлермен алмасу, болмаған кезінде Тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;

2.1.17 Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау;

### 3 бап

2 бапта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

### 4 бап

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру Тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық колдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

#### 5 бап

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделетін, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісімі арқылы жүзеге асырылады.

#### 6 бап

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар қатысушы елдердің заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

#### 7 бап

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және үш жыл мерзімінде жарамды. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімнен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

#### 8 бап

Осы Меморандум бір нұсқада қазақ тілде жасалды, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие.

«Л.Н.Гумилев атындағы Евразиялық  
Ұлттық университеті» КеАҚ

Басқарма төрағасы – ректор  
Сыдықов Ерлан Бәтташұлы

Күні: «      »      2023 ж.

010008, Қазақстан Республикасы,  
Астана қаласы, Сатпаев, 2  
Тел: +7 7172 709500  
Факс: +7 7172 709457  
E-mail: enu@enu.kz  
Сайт

«Ә. Марғұлан атындағы Павлодар  
педагогикалық университеті» КеАҚ

Басқарма төрағасы – ректор  
Жилбаев Жанбол Октябрович

Күні: «      »      2023 ж.

010008, Қазақстан Республикасы,  
Павлодар қаласы, Олжабай батыр, 60-күрлыс  
Тел: +7 (7182) 65-16-66  
+7 (7182) 65-16-02  
+7 (7182) 55-54-34  
Факс: +7 (7182) 55-24-76  
E-mail: pgpu-press@mail.ru  
Сайт: ppu.edu.kz

Б. С. Есенгелди